ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

03 шілде 2023 жыл №7527-23-00-2/7474 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.Н.Казымбетова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы қаласы Спорт басқармасының «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
ТҰРМАХАН ҚАНАТ ӘДІЛХАНҰЛЫ «Khan-Med» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

18 сәуір 2023 жылы талап қоюшы Алматы қаласы Спорт басқармасының «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен жауапкер ТҰРМАХАН ҚАНАТ ӘДІЛХАНҰЛЫ «Khan-Med» жеке кәсіпкері арасында №44 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты (әрі қарай - Шарт) жасаған.

Шартқа сәйкес жауапкер жалпы сомасы 1 100 000 теңгеге «Екіжақты лентасы бар, 1,2,3-орындар бойынша логотиппен жүлдегерлерге арналған алтын,күміс,қола» медаль дайындау керек.

Шарт бойынша жауапкер тауарды 2023 жылдың 18 мамырына дейін жеткізуге міндеттенген. Алайда, жауапкер шартқа сәйкес өз міндеттемесін орындамаған.

Сот, азаматтық істің материалдарын және ұсынылған дәлелдемелерді зерделеп, келесі тұжырымға келеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті

Документ подписан: Казымбетова Г. Н., 03.07.2023
Дата вступления в законную силу: 11.08.2023, судья Бултыкова Д. Е., 13.06.2025
7527-23-3-1/7474

түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АҚ) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 6.1-тармағына сәйкес, жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырғанжағдайда орындалды деп саналады.

Жауапкер шарт бойынша жұмыстарды белгіленген мерзімге орындамаған және тапсырмаған, яғни өзінің шарттық міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшының талабы жоғарыда аталған шартпен, оның қосымшаларымен дәлелденеді.

Талап қоюшы осы талап қою арызымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылдың 25 мамырында жүгінген.

Сот, іс құжаттарын зерттеп, жауапкер ТҰРМАХАН ҚАНАТ ӘДІЛХАНҰЛЫ «Khan-Med» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 752 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер ТҰРМАХАН ҚАНАТ ӘДІЛХАНҰЛЫ «Khan-Med» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер ТҰРМАХАН ҚАНАТ ӘДІЛХАНҰЛЫ «Khan-Med» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж 1 752 (бір мың жеті жүз елу екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы

Документ подписан: Казымбетова Г. Н., 03.07.2023
Дата вступления в законную силу: 11.08.2023, судья Бултыкова Д. Е., 13.06.2025
7527-23-3-1/7474

қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г.Н. Казымбетова**

Документ подписан: Казымбетова Г. Н., 03.07.2023

Дата вступления в законную силу: 11.08.2023, судья Бултыкова Д. Е., 13.06.2025

7527-23-3-1/7474